

Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 " Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 241 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 19 маусымдағы № 429 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 маусымда № 6266 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 "Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3378 тіркелген, 2011 жылғы 8 қарашада "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімінің қосымшасында:

2 "Кеңес Нокин ауылы", 3 "Ақшат ауылы", 4 "Белогорка ауылы", 5 "Белогорский карьер ауылы", 6 "Бекқұл баба ауылы", 7"Қызылжар ауылы (облыстың орталығынан тыс жерлерде)", 8 "Пригородное ауылы", 9 "Садовое ауылы", 10 "Украинка ауылы", 11 "Өлке ауылы", 12 "Шилісай ауылы", 13 "Ақжар ауылы", 14 "Құрайлы ауылы", 15 "Георгиевка ауылы", 16 "Елек ауылы", 17 "Құрашасай ауылы" және 18 "Сазды ауылы" - жолдары алынып тасталсын.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың хатшысы
Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

О. ОРАЗАЛИН
С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА
Б. БЕРКІМБАЕВ